

АБАЙ МҰРАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Әбдіхалық Айгерім Насырханқызы

abdikhalykaigerim@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
7М01103-«Педагогика және психология» мамандығының 1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – А.И.Омарбекова

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» - мақаласында Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек» деп нақты тоқталып кеткен болатын [1].

Абай өлеңдері білемге, оқыту мен тәрбиелеудегі тілдің маңызына да ерекше тоқталады. Ақын тіл үйрену жағына ерекше қарап, жоғары бағалайды. Президентіміз бастауымен «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам және кәсіби педагогикалық қызметті жетік меңгерумен қоса педагогикалық білім беруді заманға сай дамыту керектігін алға тартқан болатын. Демек, педагогикалық кәсіби қызметтің де заманға сай дамып отыруы үшін, педагогтарымыз өз білім, білік, дағдыларын одан да жоғары дәрежеде дамытып ақпараттық заман талабына сай жан-жақты жүйеде қызмет атқаруы керек. Абай өлеңдерінді оқу, білімге, ғылымға да байланысты педагог қызметі туралы айтылып өтілген. Осыған орай, Абай мұраларын пайдалана отырып педагогтардың қызметтінің қалыптастыруы, сондай-ақ ақпараттың озық дамыған кезінде біз күнделікті оқып дағдыға айналдыруымыз қажет.

Сонымен бірге Абай мұраларының тәлім тәрбиеге, оқу, білім, ғылымға да отандық педагог кәсіби қызметі үшін де қосатын үлесі мол. Педагог қызметін зерттеумен Т.Т.Тәжібаев, Қ.Б.Жарықбаев, К.Қ.Құнантаева, А.К.Көбесов, С.Қ.Қалиев, Т.М.Әлсатов, С.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, І.Р.Халитова, А.Н.Ильясова, т.б. айналысқан.

Абай-ұлт ақыны. Оның ақындық бағдарламасы да сөз өнері арқылы халқына, еліне қызмет ету. Ұлтын ағарту ісіне, өнегелі жолға түсуге үгіттей отырып, ол сол ұлттың бойындағы заман қайшылықтары тудырған ұнамсыз мінездерді аямай сынайды, шенейді. Бұл тұрғыда ол-ұлт психологиясын терең танушы әрі шебер суреттеуші. Оның қай өлеңін оқысаң да, өзімізге таныс мінездер кездеседі. Олар сан алуан, бірін бірі толықтырып жатқан бейнелер. Не ақыл не мал таппай, адалдық қумай, ауыл кезіп құр қылжақпен күн өткізген берексіздер, рас сөздің қасиетін түсінбей, жоққа сенгіш, ойы жоқ, көп айтса көнгіш надандар, іші жау боп, сырты күліп, жақынын тіріде аңдып, өлсе өкіріп жүрген сұрқиялар, қасын алдына келтірем деп, ақ тымағының құлағы салтақ-салтақ далақтап, өзі алмай, қыранға алдырмай елді әуре еткен күйкентай мен қарға қылығына мәз болған күншілдер, терін сатпай телміріп көзін сатып теп-тегіс аларман болған жұрт, қызмет қылып мал таппай, ғылым оқып ой таппай, құр үйінде жатқан, ел қыдырып ас ішіп еркек атын сатқан жалқаулар, сырын емес, сыртын түзеп жүрген сымпыс бозбалалар, «бәрекелді, батыр» деп, «мықты боп бара жатыр» деп мақтап-мақтап қоздырып, бірді-бірге айдап салғыш, тасыса өсек, ысқыртса кесек, құмардан шығатын бәлекорлар-бәрі де Абай сомдаған ұлттық бейнелер. Ақын суреттеген ел билеушілері қаншама!

Олардың ішінде мақтан үшін білікке ұмтылып иттей қор боп, өзіне сөз келтірген қайратсыздары да, бас басына би болған, қырқын мінсе қыр алтырмас өңшең қықымдар да, өз сөзіне басқаны ұқпайтын, аузымен орақ орған өңкей қыртың да, бір-ақ секіріп шығам деп, егессе ауыл шабам деп жүрген белсенділер де, бір сөз үшін жау болып, бір сөз үшін дос болып, қалаға дем алмай шауып, өтірік арыз бергенді мақтан көрген пысықтар да кездеседі. Осылардың бәрі- жақсы мене жаманды айырмай, екі ұртының бірі-қан, бірі-май болып жүрген халқының өкілдері. Осы типтердің сырын ашу, олардың халықтың бірлігі мен ынтымағы, елдегі жолындағы зиянын әшкерелеу-бүгін еліміздің тәуелсіздік алған тұсында, ел бірлігінің ең бір қажет кезінде әбден керек. Абай өзінің ұлт мүддесін көздеген, халқын бірлікке, еңбекке шақырған жырларымен бізге бүгін де көмекке келеді. Абайды әр тұрғыда тану үшін оның мұрасын зерттеу ісіне тарих, тіл білімі, өнер тану, заң ғылымдарының, тағы басқа ғылым салаларының өкілдері қатысуы орынды [2]. Абай мұрасы ел болашағы жастар және келер ұрпақ үшін берері мол. Абай мұралары педагогикалық көзқарастары жастарымызды оқуға, өнер-білімге, ғылымды меңгеруге үндеген. Біз міне, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көрсеткен.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - яғни оқу мен білімді меңгеру қай жаста болсын өте маңызды. Абай өзінің ғылым жолына кеш келсе де бізге қалдырған мұрасы өте мол. «Білім инемен құдық қазғандай» оқу, білімге, ғылымға біз еңбектену мен ізденіс барысында қол жеткіземіз.

Ұлы ақынның қара сөздерінің өзі - тұнып тұрған педагогика, философия. Абайдың айтуынша, «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірек байлаулы берік болмақ керек; екінші- сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, үшінші - ішінен бірнеше қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек, төртінші-ой кеселдерінен аулақ болу керек. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер». Бүгінгі күні кез-келген ұстаз ақынның осы бір дана сөзін үнемі қайталап, бала жадына жеткізіп, есіне сақтата білу тиіс. Адам баласының ілім-білімді игеруде өз мақсаты болуы тиіс. Бақастыққа, есепке немесе ата-ананың абыройына, атақ-мансапқа, жеке бастың қызығына негізделген білім- білім емес. Сол себептен де алған білімің, оқығаның, тоқығаның ел қамына, көпке арналу керек деген ойын ұлы ағартушы өзінің отыз екінші қара сөзінде ашып айтады. Жастық шақ- адамның жақсылықты да, жаман-дықты да жылдам қабылдайтын албырт кезеңі. Сол себепті ілім-білімді жас кезіңнен қолға түсіріп, меңгеру-өте тиімді. Жақсы киім мен әдемі әлпетің әдемілік, сұлулық емес. Адамды көріктендіретін бұлармен қоса ілім-білім деген дана көзқарасын білдіреді. Абайша айтқанда, ақыл мен сұлулық - синонимдес ұғым.

Өзгеден сұрап, біліп алған білім аздық етеді, ал ең сенімді, ең ақылды, ешкімге жалтақтамайтын білім көзі, ғылым көзі- кітап деген дана ұғымы бар ақынның. Сол себептен де Абай «ғылымсыз бұл дүниеде де, о дүниеде де жақсылық жоқ» деген пікір айтады. Абайдың педагогикалық көзқарастарын айқындайтын бүгінгі оқу жүйесімен үндес төмендегідей дидактикалық пікірлерін атауға болады:

1. Оқытудың жеңілден ауырға қарай бағытталуы. Күшпен, ерекше талап қойып оқыту нәтиже бермейді. Баланың қабылдануына, қызығушылығына, білгенінен білмегеніне негізделіп оқыту қажеттілігін айтады.

2. Абай ұлы ойшылдар Пифагор мен Аристотельдің пікірлерін толығымен қолдап, баланы күш көрсетіп, ұрыпсоғу арқылы оқытуға қарсы болады. Оқытудың мұндай антипедагогикалық түрі, біріншіден, баланың ілім-білім игеруге деген талабын, қызығушылығын жойып, екіншіден, жалған сөйлеуге, қорыққанынан сыйлауға мәжбүр болатынын айтады.

3. Оқытудың көрнекілігіне ерекше мән береді. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деген тән құмары, екіншісі не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткенге қызығып, аузына салып, дәмін татып, бетіне басып қарап, «ол немене?», «бұл немене?», «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көріп, құлағы естігеннің бәрін сұрап, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген жан құмары» делінген жетінші қара сөзінде. Олай болса, жас жеткіншектің осындай тән, жан ерекшелігін ескеру ұстаздардың қолында.

4. Балалардың жас және психологиялық ерекшелігін ескеру керектігін айтады. Балаға берілетен тапсырма деңгейі балаға түсінікті, қабілетіне сай, қабылдауына сәйкес болуы керек.

Кемеңгер ақын, ұлы данышпан Абай өз педагогикалық көзқарасында жастарды ақыл-ой тәрбиесіне, ілім-білімге үндей отырып, болашақтың тұтқасына ие болатын жастар білімді, зерек, көкірегі ояу болмаса, ешқандай нәтиже болмайтынын баса айтады. Ақынның бұл педагогикалық ғұлама ойының оптимистік сипаты бар екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы білімді жастардың қолында» деген жалынды үндеу пікірі Абай ойымен ұштасып, жалғасын тауып тұрғандай.[3] Ұлы ақын өзінің педагогикалық көзқарастарында еңбек тәрбиесіне де қатты көңіл бөлген.«... Әуелі құдайға сиынып тастамайды, өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», - деп көрсеткен төртінші қара сөзінде. Еңбекке деген көзқарасы әке тәрбиесінен басталған.Әкесі Құнанбай Абайдың болашағынан зор үміт күткен және ерте бастан ел басқару ісіне араластыра бастаған.

Еңбек қылмай тапқан мал, дәулет болмас,

Қардың суы секілді тез суалар.

Маңдай теріңмен еңбектеніп тапқан ас адал болады.Еңбекке үндеу арқылы жастардың психологиялық ерекшеліктерін де ескере кеткен.Абай өзінің шығармаларында еңбекке тәрбиелеуге қажетті қасиеттерді де көрсеткен. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боларсың елден бөлек, үш ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек».

Сонымен, педагогикалық қызметте Ұлы ағартушы жастарды еңбекке баулу тәрбиесіне педагогикалық оқыту, білім, тәрбиесін де жан-жақты жетілдіруді бағалады.Себебі еңбек тәрбиесі арқылы ғана адам бойындағы басқа да адамгершілік қасиеттер қалыптасады деген педагогикалық пікір айтады. Абай алдыңғы қатарлы ойшыл-педагог ретінде еңбек басқа халықтардың экономикалық және мәдени өмірімен байланыста болудың басты шарты екенін педагогикалық тұрғыдан дәлелдеп берді.Абай шығармаларын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан да қарастырып, оларды практикаға жүзінде деіске асыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>

2. Толенова К.К. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. -Алматы «Білім» 1995
Вестник КАСУ №5. - 2009.